

Күнбағыс шаруашылығы



Орындағандар:

Қабылдаған:

Жоспары:

- Биологиялық сипаттамасы
- Қолданылуы
- Тарихы
- Күнбағыс үй шаруашылығында
- Қазақстандағы күнбағыс шаруашылығы
- Жыл бойыншы дақылдардың динамикасы
- Қазақстан бизнесіндегі күнбағыс шаруашылығы
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Биологиялық сипаттамасы

- Күнбағыстың биіктігі. 2 м-дей, сабағы тік, жуан өзегі қуыс, сырты қалың түкті, кіндік тамыры тармақты, 2 - 3 м тереңдікке бойлайды. Үлкен жалпақ жапырағы сабақта кезектесіп орналасады. Гүл шоғыры көп гүлді себет. Оның сыртын бір немесе бірнеше қатарға орналасқан гүл жапырақтары қоршаған. Бұлар өсімдік гүлін сыртқы қолайсыз жағдайдан сақтайды. Себеттерінің диам. 10 - 60 см-ге дейін жетеді. Себеті күн көзі бойымен бұрылып отырады. Жемісі — тұқымша, онда 22 — 27% май болады.



Қолданылуы

- Күнбағыс майы
- Дәнінен сұйық күнбағыс майы алынады. Өсімдік майының 90%-ы осы өсімдіктің дәнінен алынады, сыққаннан кейінгі дәніне қант қосып, сығымдап, тамаққа қолданылатын тәтті тағам жасалынады. Сары желегін медицинада пайдаланады. Күлінен сахар алады, онда 30 — 36% калий тотығы бар. Күнбағыс күнжарасында — құнарлы мал азығы, онда 38%-дан астам ақуыздық зат, 20 — 22% көмірсу және 6%-дай май бар. Күнбағысты бұршақ өсімдіктерге қосып сүрлемдік дақыл ретінде өсіреді. 100 кг көктей орылған Күнбағыс құрамында 18 азық өлшемі, 1,4 кг сіңімді протеин бар. Көктей шабылған Күнбағыс га-нан 400 — 500 ц балауса азық алынады. Қазақстанның солт., шығыс аудандарында ерте және тез пісетін саратовтық 10; 169, шортандылық — 41, қостанайлық — 91, т.б. сұрыптары аудандастырылған. Осы сұрыптардың 1 га-нан 10 — 12 ц күнбағыс майы алынады. К-тың негізгі зиянкестері: сымқұрт, күнбағыс қан көбелегі, т.б.; аурулары: бозшірік, сұңғыла, т.б.

Тарихы

- Еуропалықтар тұңғыш рет күнбағысты Американы ашқан кезде Мексиканың кең байтақ жазықтарынан көрген. Олар күнбағысты Еуропаға бұдан төрт жүз жыл бұрын алып келді. Оны «күн гүлі» деп атады.
- Қазір күнбағыс – біздегі ең кең тараған майлы дақыл. Әрине, ол өзінің жабайы арғы тегіне аздап қана ұқсайды. Мәдени күнбағыстың себеті ірі. Онда 7 мыңға тарта дән болады. Сонымен бірге мәдени күнбағыстың сабағы 4 метрге дейін жетіп, оның жуандығы білектей болып өседі.

Күнбағыс үй тұрмысында

- Шекілдеуік(Шемекі)
- Үй тұрмысында ол дәнін шағып жейтін шекілдеуік болып қалып отыр. Бірақ күнбағыстың беретін басты нәрсесі – оның жақсы майы. Күнбағыс дәнінен май сығып алғаннан кейін одан күнжара қалады. Күнжараны жылқы, сиыр, қойлар жейді. Сабағын турап, булап шошқаға береді. Себетін кептіреді де ұнтақтайды, ол да – жақсы мал азығы. Күнбағыстың кейбір сорттарын сүрлем үшін егеді. Бұл жағдайда оны дәні піспей тұрып көктей орады.

Қазақстандағы Күнбағыс

шаруашылығы

- Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметтеріне сүйенсек, өңірде күнбағыс тұтынушы сұранысынан екі есе артық өсіріледі екен. Тек, оны өңдейтін кәсіпорындар тапшы. Ал, Қашыр ауданында бұл шаруаны «Green Hause» серіктестігі қолға алыпты. Аудан әкімі Нұрлан Күлжанның айтуынша, ауданда «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында өткен жылы 1043 орта және шағын кәсіпкерлік тіркелген. Олардың бірқатары осы бағдарламаның пайдасын көруде.

- Мысалы, Бесжан ауылдық аумағына қарасты «Гигант» серіктестігінің басшысы В.Солдатенко өз бизнесін кеңейтуге ниет білдіріп, 13,5 миллион теңге, Федоровка ауылдық аумағында «Зуенко» шаруа қожалығы мал шаруашылығын дамытуға 12,8 миллион теңге несие алыпты. Бүгінгі күні ауданда ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін 9 наубайхана, 6 күнбағыс майын шығаратын цех, 3 диірмен, 2 шұжық цехы, 2 күнбағыс тұқымын дайындайтын цех, сүт өңдейтін 3 цех жұмыс жасайды. Былтыр 644,1 тонна нан-тоқаш өнімдері, 754,8 тонна күнбағыс майы, 60,1 тонна шұжық өнімдері, 55,9 тонна күнбағыс тұқымы, 187,3 тонна сүт өнімдері өндірілген. Ал, аудан орталығы Тереңкөл ауылындағы «Green Hause» серіктестігінің күнбағыс майы Өскемен, Ресейден келетін күнбағыс майымен сапасы бірдей, бәсекеге қабілетті. Зауыт тазартылып, пластмасса құтыға құйылған күнбағыс майын шығарады. Күніне 300 литр май өндіріледі.


- Мұнда жылына 20 мың тонна күнбағыс тұқымы қабылданып, 8 мың тонна дайын күнбағыс майының тазартылған күйдегі сапалы өнімі аудан және облыс тұтынушыларына жол тартуда. Кәсіпорын бұл зауытты іске қосуда тазартылған күнбағыс майын шығаратын түркиялық қондырғылар орнатып, зауыт ғимаратының іші-сырты, өндіріс орындары мен қоймалары талапқа сай жөнделді. Бұл үшін 200 миллионнан астам қаржы жұмсалды. Әрқайсысының сыйымдылығы 3 мың тоннадан тұратын қоймалар, аудан мен облыс аумағынан жеткізілетін өнімдерді қабылдап, кептіріп, зауыттың өнімді дайындайтын орындарына жеткізіледі. Бүгінгі күні мұнда жұмыс істейтін мамандардың барлығы оқытылып, 30-дан астам ауыл тұрғындары жұмысқа тартылды.

Қазақстан бизнесіндегі

күнбағыс

Республикадағы майлы дақылдардың ең бастысы — күнбағыс. Оның дәнінде 50-52 пайыз май және 16-16,5% протеин болады. Күнбағыс майы негізінен тағам үшін, яғни маргарин, майонез, балық және көкөніс консервілерін, нан және кондитер өнімдерін шығаруға қолданылады. Сонымен қатар, оның майы сабын қайнату және зәйтүн өндірісінде пайдаланылады. Дәнінің қауызы жақсы отын. Күнбағыс табағының күлте жапырақшаларынан дәрі дайындайды. Күнбағыстың күнжарасында 8-10% май, 1,1% мал азықтық өлшем болады, сондықтан ол — малға бағалы концентратты жем. Күнбағыс — балды өсімдік және отамалы дақыл болғандықтан, ауылшаруашылық өсімдіктері үшін жақсы алғы егіс. Екіншілікте егіс танаптарында ықтырма дақыл ретінде себіледі.

Жыл бойынша дөңді дақылдардың динамикасы



Күнбағыс мәдениеті	Өнімді өндіру	егістік ц /га	Жалпы өнім, тонна	Тыңайтқыштар қосу	Саны тонна	Бағасы, теңге	Дизельді отын
--------------------	---------------	---------------	-------------------	-------------------	------------	---------------	---------------

Бұлақ сорты		20	200	Тыңайтқыштар барлығы	40	36 190	110 тг/л
-------------	--	----	-----	----------------------	----	--------	----------

Аудан 100 гектар	Дән			Оның ішінде: азотты			
------------------	-----	--	--	---------------------	--	--	--

	Тұқым шашудың нормасы 12 кг/га			Фосфорлы-аммофос ты	40	36 190	
--	--------------------------------	--	--	---------------------	----	--------	--

Тұқым барлығы 1 200 кг

Жылдық өнім қорытындысы

Агроотехникалық шығындар		
Жоспардан тыс шығындар (20%)	тг	31 035,00
Барлық шығындар		147 496,00
1 га алқап өнімділігі	ц/га	20,00
1 ц өзіндік құны.	тг	7 500,00
Сатылым бағасы	тг	150,00
Бір жиналым суммасы	тг	300 000,00
Таза пайда		152 504,00

Майлы дақылдар және күнбағыс



Егін өнімділігіц/га	20
Күнбағыс бағасы, теңге/кг	150
Көлемі, кг	200 000
Пайда, теңге	30 000 000



Қорытынды

- Күнбағыс Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында дән және сүрлем үшін, ал республиканың басқа облыстарында тек сүрлем үшін ғана өсіріледі. Қазақстанда 2006 жылы күнбағыстың егіс көлемі 453,8 мың гектар, оның ішінде суармалы жерлерде 30,0 мың гектарға жетті. Орташа есеппен алғанда, сол жылы республика бойынша күнбағыстың әр гектарынан 6,3 центнер өнім алынып, ал оның жалпы түсімі 285,9 мың тонна болды. Қазақстан бойынша 2006 жылы күнбағыстың Арманирец, Восход, Заря, Салют, Казахстанский 3/24 буданы, Родник, СПК, Солнечный-20, Казахстанский-341 сорттары аудандастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4-том

